



ҰЛТТЫҚ ҰЛАН - ел айбыны

БҰРКИТ

№ 1 (91)
2023 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының журналы
Журнал Национальной гвардии Республики Казахстан



БҰЛ САҢДА:



4 МИНИСТР ВНУТРЕННИХ ДЕЛ ОЗНАКОМИЛСЯ С НОВОЙ ТЕХНИКОЙ И ВООРУЖЕНИЕМ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ



14 АСТАНАДА ҚР ҰЛТТЫҚ ҰЛАНЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖЕДЕЛ ДАЙЫНДЫҚТАН ӨТТІ




18 ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАҒАН ҰЛАНДЫҚ ҰШҚЫШТАР МАРАПАТТАЛДЫ



20 В ДУХЕ ТЕСНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА



22 БЕЗ ТЫЛА НЕТ ПОБЕДЫ



28 ТЕХНОЛОГИЧНЫЕ ВОЙСКА - 40 ЛЕТ НА СТРАЖЕ



38 ВОЛЕЙБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

1 (91) 2023 жыл

Алғашқы нөмірі 2005 жылы жарық көрді.
Журнал екі айда бір рет шығады.

“Ұлттық ұлан жаршысы” оқу-әдістемелік жинағы – журналдың қосымшасы болып табылады.

МЕНШІК ИЕСІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы.

Бас редактор:

Ерболат Сұлтанов

Редакция алқасы:

Үмбетов Қ.Ж., Тоқышев Қ.Ж.,
Крамар А.А., Сұлтанов Е.М.,
Қожахметов Қ.Ә., Сиярбаев А.М.,
Сейітов Д.Б., Қайыркенов Р. Р.

Көркемдік дизайн және беттеу:

Дәуренбеков Р.М.

Фототілші:

Парпура М.А.

Материалдарды көшіріп басқан кезде журналға сілтеме көрсетілуі тиіс.

Редакция жариялануға жолданған материалдарды қысқартуға, автор көзқарасын сақтай отырып, әдеби-көркем тұрғыдан өңдеуге құқылы. Қолжазбалар таратылмайды және қайтарылмайды. Фактілердің растығына және кейіпкерлердің аты-жөндерінің дұрыстығына, құпиялардың сақталуына – мақала авторы, баспа өнімінің сапасына – баспахана жауапты. Оқырмандармен байланыс тек журнал беттері арқылы жүргізіледі.

Басылымға Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 23.01.2015 жылғы № 15076-Ж бұқаралық-ақпарат құралдары есебіне алу туралы куәлігі берілді.

Редакция мекен-жайы: 010000

Астана қ., Жангелдин к., 2

тел.: 8 (7172) 39-18-16, 72-40-30

«МЕДИАТУР» қоғамдық бірлестігі баспаханасында басылды. Астана қ., А. Иманова көшесі, 19

Теруге 06.04.2023 ж. берілді.

Баспаға 23.06.2023 ж. жіберілді.

Қағаз форматы – А4

Таралымы 1500 дана

Тапсырыс № 001

Мазмұны

4

Министр внутренних дел ознакомился с новой техникой и вооружением Национальной гвардии
Егор БОНК

6

«Әрқашан сын-қатерлерге дайын болуымыз керек»
Жұлдыз ТОЙБЕК

12

Елордада ҚР Ұлттық ұланы күніне орай
Гала-концерт өтті
Шұғыла ТҰРЛЫБЕК

14

Астанада ҚР Ұлттық ұланының Басшылық құрамы жедел дайындықтан өтті
Ерболат СҰЛТАНОВ

18

Гуманитарлық жүктерді тасымалдаған ұландық ұшқыштар марапатталды
Дарын СЕЙІТОВ

20

В духе тесного сотрудничества
Дарын СЕЙТОВ

22

Без тыла нет победы
Руслан КАЙЫРКЕНОВ

28

Технологичные войска - 40 лет на страже
Руслан КАЙЫРКЕНОВ

31

«Отансүйгіштік – отбасынан басталады»
Ерболат СҰЛТАНОВ

35

Позывной «ГОЛУБЬ»...
Алияр ДҮЙСЕНБАЙ

38

Волейболдан турнир өтті
Ерболат СҰЛТАНОВ

МИНИСТР ВНУТРЕННИХ ДЕЛ ОЗНАКОМИЛСЯ С НОВОЙ ТЕХНИКОЙ И ВООРУЖЕНИЕМ НАЦИОНАЛЬНОЙ ГВАРДИИ



В Астане министр внутренних дел генерал-полковник Марат Ахметжанов посетил воинскую часть 5573 Национальной гвардии. В ходе визита Глава ведомства ознакомился с новыми образцами техники и вооружения.

Марат Ахметжанов ознакомился с выставкой техники и вооружения, а также с состоянием жилой и служебной инфраструктуры воинской части.

Обращаясь к личному составу, он подчеркнул, что Национальная гвардия выполняет важнейшие задачи по поддержанию стабильности в стране, обеспечению безопасности граждан и общества. Министр отметил, что Глава государства дал высокую оценку деятельности военнослужащих Национальной гвардии.

- Национальная гвардия является основной силовой составляющей органов правопорядка и играет важную роль в системе общественной безопасности. Январские события определили необходимость внесения корректив в нашу работу. Были

извлечены серьезные уроки и сделаны соответствующие выводы. Переработаны специальные оперативные планы, пересмотрен алгоритм действий государственных органов при угрозах общественной и национальной безопасности. Усилена ответственность региональных штабов в предкризисный период. Январские события как для органов внутренних дел, так и для подразделений Национальной гвардии послужили своего рода «экзаменом». Но несмотря на все сложности, сотрудники органов внутренних дел достойно выполнили поставленные служебно-боевые задачи по обеспечению безопасности, - сказал глава МВД.

Кроме того, Марат Ахметжанов озвучил важнейшие цели на пред-

стоящий период с учетом поставленных задач Главой государства по количественному и качественному укреплению Национальной гвардии. В своем обращении он обозначил необходимость соответствующих корректировок в служебно-боевую деятельность.

- С учётом опыта событий трагического января способы действий по уточнённым алгоритмам в кризисных ситуациях, обеспечение правового режима во время режима чрезвычайного положения апробированы во время межведомственных учениях «Батыл Тойтарыс – 2022», «Алан-2022» и «Бекет – 2022», а также в 150 оперативных тактических учениях со взаимодействующими органами по специальным оперативным планам.

Основная доля денежных средств, выделяемая на реализацию Послания Главы государства по поэтапному увеличению дополнительной штатной численности войск и их



оснащению, а ежегодные лимиты по текущему содержанию Национальной гвардии остаются на уровне 2015 года. В результате систематического недофинансирования низкие показатели укомплектованности материально-техническими средствами существенно влияют на эффективность и качество выполняемых поставленных задач боевой службы и применения при кризисных ситуациях и снижения показателей боевой готовности.

Однако, с 1 апреля численность подразделений специального назначения «Бүркіт» увеличена на 323 единицы и составляет 1076 единиц. На сегодняшний день укомплектованность подразделений составляет 95%. Сформировано 5 отрядов в городах Тараз, Талдыкорган, Костанай, Кокшетау, Семей и одна группа – в городе Жанаозен. Две группы реорганизованы в отряды в городах Актау и Кызылорда. При этом денежное довольствие военнослужащих спецподразделений «Бүркіт» увеличено на 20%. С 1 июля на базе воинской части 5571 были сформированы 3 батальона численностью 1054 единицы, в результате чего полк оперативного назначения реорганизован в бригаду численностью 2500 человек.

Принимаемые меры позволят увеличить выход военнослужащих на охрану общественного порядка в два раза. Поднять уровень боеспособности подразделений по задачам в кризисных ситуациях и на особый период. Увеличить маневренность войск при необходимости переброски их на определённые направления. Провести поэтапное переоснащение на новые образцы техники и вооруже-

ния, а также специальных средств, отвечающих современным требованиям унификации, необходимых для выполнения реальных боевых задач. Поднять моральный дух войск, направленный на добросовестное выполнение воинского долга, - отметил заместитель министра внутренних дел – Главнокомандующий Национальной гвардией генерал-майор Еркин Ботаканов.

Напомним, что дальнейшее развитие Национальной гвардии на 2026-2030 годы в рамках реализации концепции развития вооруженных сил, других войск и воинских формирований, предусматривает формирование командования силами специального назначения «Бүркіт», строительство региональных складов ГСМ, вооружения и боеприпасов в городах Семей, Караганда, Актөбе, Шымкент. Создание университета общественной безопасности министерства внутренних дел РК в городе Астана, а также рассмотрение воз-

можности выделения дополнительной потребности денежных средств на социальные расходы, развитие инфраструктуры и материально-технического оснащения.

- Благодаря плодотворному сотрудничеству с отечественными предприятиями в рамках государственного оборонного заказа и государственных закупок было приобретено более 150 единиц военной специальной техники, в том числе 27 броневедомостей. Также были приобретены боеприпасы к вооружению, совершенная оптика, средства индивидуальной защиты активной обороны, спецсредства раздражающего действия, средства связи и имущество тыла, что в целом существенно повысило эффективность и качество всестороннего обеспечения служебно-боевой деятельности войск. Помимо этого в городе Курчатов завершено строительство нового типа казармы и столовой в рамках программы глобальной ядерной безопасности с привлечением иностранного капитала компании из США., - добавил генерал-майор Еркин Ботаканов.

В завершении встречи главный полицейский страны поблагодарил личный состав Национальной гвардии за верность долгу и присяге.

В свою очередь генерал-майор Еркин Ботаканов заверил, что все задачи по выполнению требований Президента страны и Министра внутренних дел в сфере обеспечения внутренней безопасности общества и государства будут и впредь выполняться на высоком уровне.

**Лейтенант
Егор БОНК**



«ӘРҚАШАН СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ДАЙЫН БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК»



Оқырман назарына ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы, генерал-майор Еркін Ботақановпен сұхбатты ұсынып отырмыз.

– Ұлттық ұланға жүктелген міндет – қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, мемлекеттік нысандардың қауіпсіздігі, арнаулы жүктердің қорғалуы, қарулы қақтығыстарды болдырмау. ҚР Ұлттық ұланда отыз жылдың аясында нендей жұмыстар атқарылуда?

– Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы ең күрделі жыл артта қалды. Өткен жыл құқық тәртібі әскерлері үшін мерейтойлық жыл ғана емес, Қаңтар оқиғасына байланысты ел тарихындағы және Ұлттық ұланды ең қиын жыл болды. Ұлттық ұлан отыз жылдық межеден өтті. Осы жылдар ішінде Ішкі әскерлердің қалыптасуынан Ұлттық ұланның қазіргі деңгейіне дейін жету үшін бірнеше кезең артта қалды. Әскери қалашықтардың инфрақұрылымы жақсарды, жаңа әскери бөлімдер құрылды, көптеген әлеуметтік мәселелер шешілді. Өзгерістер тәрбиеден тылға, жауынгерлік қызмет пен дайын

ындықтан техника мен қару-жаракқа дейінгі барлық салаларда болды. Қызметтік-жауынгерлік міндеттер ауқымы кеңейіп, әскерлердің барлық қажетті құқықтық негізі құрылды. Ұйымдық-штаттық құрылымдарды ұтымды оңтайландыру өтті. Кадрлық және әскери бөлімдерді материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері шешілді. Төрт өңірлік – «Оңтүстік», «Орталық», «Батыс» және «Шығыс» қолбасшылықтары құрылды, тиісінше тікелей бағыныстағы әскери бөлімдер де ұйымдастырылды. Қазір әскерлерді дамытудың маңызды кезеңі. 2014 жылы Ішкі әскерлер Ұлттық ұланға айналды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қаупі туындауы кезінде әскерлердің іс-қимылдарын үйлестіру және басқару бойынша жаңа міндеттер енгізілді. Бұдан басқа 2015 жылғы 10 қаңтарда «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» жаңа заң қабылданып, мемлекеттік шекараны қорғау кезінде ҰҚК Шекара қызметіне жәрдем көрсету жөніндегі міндеттер айқындалды. Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, соғыс уақытында елдің аумақтық қорғаныс жүйесіндегі жеке-леген міндеттер нақтыланды. Осылайша, құқықтық тәртіп әскерлері дамуының 30 жылында өткен кезеңдерді қысқаша сипаттауға болады.

– Қаңтар айының басында Отанымыз өзінің тәуелсіз даму тарихында еліміздің Конституциялық жүйесі мен егемендігіне қауіп төнген ең күрделі сәттерді бастан өткерді? Бұл оқиға барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар, соның ішінде Ұлттық ұлан үшін де үлкен сынақ болды.

– Ел Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеп, қаңтар айындағы қайғылы оқиғаларға шынайы және жан-жақты баға берді. Жаңа Қазақстанды құру бойынша елдің одан әрі дамуы-

ның тұжырымдамалық және тәжірибелік жолдарын баяндады. Ұлттық ұлан жеке құрамының іс-әрекеттеріне жоғары баға берілді. Жақында Алматыда Қаңтар оқиғаларының құрбандарына арналған мемориалдың ашылуында Мемлекет басшысы сол қайғылы күндерде мыңдаған отандастарымыз – еріктілер, дәрігерлер, полицейлер және қоғамға бейжай қарамайтын адамдардың шынайы батылдық пен жоғары азаматтық жауапкершілік танытқанын атап өтті: «Олардың көпшілігі бүгінгі рәсімге қатысуда. Біз әрқашан қайғылы Қаңтардың құрбандары мен шынайы кейіпкерлерін еске аламыз. Ұлт ретінде біз осы қасіреттен сабақ алуымыз керек. Құқық қорғау және арнайы органдар орасан зор жұмыс жүргізді», – деді.

Біз екі сарбаздан – қатардағы Мадияр Қайсаров пен Айбат Амановтан айырылдық. Жаужүрек жауынгерлердің есімдері «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 5514 және 5547 әскери бөлімдерінің тізіміне енгізілген. Олар біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

– Қасіретті қаңтардан қандай сабақ алдыңыздар?

– Осы оқиғада осал тұстарымыз байқалды. Дағдарыс жағдайында жеке құрамның іс-әрекеттерін жетілдірудегі және басқа күш-құрылымдарымен өзара әрекеттесудегі, сондай-ақ әскерлердің материалдық-техникалық жабдықтауындағы кемшіліктер көрінді. Жеке құраммен тәрбие және идеологиялық жұмысты күшейту, олардың жауынгерлік рухын нығайту мәселелері де алға шықты. Сондықтан ел Үкіметі мен ҚР Ішкі істер министрі алға қойған міндеттер аясында Ұлттық ұланды дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Мемлекет басшысы айтқандай, «әрқашан сын-қатерлерге дайын болуымыз керек». Сондықтан құрылымдарды нығайтуды қолға алып, арнайы және жедел мақсат-



тағы жаңа бөлімшелер құра бастадық. Біз әрбір өңірдегі бөлімшелерді тиісті инфрақұрылым, көлікпен және материалдық-техникамен қамтамасыз етуде қажетті деңгейге жеткізуді жоспарлап отырмыз. Әскери көліктік және армиялық авиацияны дамыту, автобронетанк техникасының заманауи үлгілерімен жарактандыру, авиациялық базаны қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда. Ұлттық ұланның Әскери институтына академия мәртебесін беру және магистратура бағдарламасы бойынша офицерлерді жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау үшін факультет ашу әскерлер үшін маңызды оқиғаның бірі болмақ. Біздің бүгінгі және болашақтағы міндетіміз – әскери қалашықтар салу, тұрақты жауынгерлік әзірлікті қолдай отырып, Алматы, Ақтөбе, Түркістан, Жезқазған, Павлодар және Қостанай сияқты қалаларда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге қабілетті бөлімшелерді қалыптастыру. Ел Президентінің тапсырмасын орындау мақсатында өткен жылы полктер базасында Астана, Алматы және Ақтөбе қалаларында құрамалар құрылып, Павлодардағы жедел мақсаттағы батальон полк болып қайта құрылды. Жедел мақсаттағы әскери бөлімдерді ірілендіру биыл жалғасын табады. Академияның материалдық-техникалық базасын, Алматы облысындағы жа-

уынгерлік және әдістемелік даярлау орталығын, Түркістан облысындағы таулы оқу орталығын және Шығыс Қазақстан облысындағы дағдарысқа қарсы оқу орталығын даярлаудың және жетілдірудің жаңа бағдарламалары енгізілуде. Жетілдіру мақсатында біз Қаракемер кентіндегі оқу құрамасын әскери колледжге айналдыруды жоспарлап отырмыз. Бұл ең алдымен, әскери қызметтің беделін арттыру үшін жасалады, осылай әскерде мамандық алған сарбаз азаматтық секторда сұранысқа ие болады. Бұдан басқа әскери қызметшілердің моральдық рухын нығайту, жеке құраммен тәрбие және идеологиялық жұмысты күшейту бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Ақпараттық-насихаттау жұмыстарын тиімді жүргізуге, жауынгерлерді деструктивті күштер тарапынан жағымсыз ақпараттық психологиялық әсерден қорғауға және қарсы насихат жүргізуге мүмкіндік беретін әскери-саяси жұмыстың жаңа Тұжырымдамасы қабылданды.

– Құқықтық тәртіп әскерлері дағдарыс жағдайында заңнамамен жүктелген міндеттерін қалай орындады?

– Күрделі метеожағдайлар кезінде Ұлттық ұлан бөлімшелері өзара іс-қимыл жасайтын органдармен бірлесіп, Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында су басу жағдайында, Ақмола облысының Қызылсу-

ат кентінде жолаушылар мен техниканы қар құрсауынан эвакуациялау кезінде авариялық-құтқару іс-шараларына белсенді қатысты. 4-8 қыркүйек аралығында «Орталық» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5510, 6697 әскери бөлімдерінің жеке құрамы әскери жедел резервтер құрамында Қостанай облысы, Әуликөл ауданының аумағында өрт ошақтарының зардаптарын жоюға ТЖ қызметкерлерімен бірге қатысып, оған барлығы 400 әскери қызметші тартылды. Ал қазан айының басында 5518 әскери бөлімінің жеке құрамы Шығыс Қазақстан облысының Себрянск, Жаңа Соғра кенттерінде өрт болған кезде халыққа көмек қолын созды. Сонымен қатар Ұлттық ұлан жауынгерлері полициямен бірге әлемдік діндер лидерлерінің съезін, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің саммитін, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшыларының кеңесін, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының және Еуропалық Кеңес Президентімен кездесуін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары кеңесінің отырысын өткізу кезеңінде қызмет атқарудың күшейтілген нұсқасында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етті.

– Ұландықтардың жауынгерлік қызмет міндеттерін орындауда жауапкершілігі қандай?

– Арнайы әскери бөлімдер





маңызды мемлекеттік нысандарды күзету бойынша жауынгерлік қызметтің 5798 міндетін, арнайы жүктерді күзету бойынша 14 міндетін орындады. Нысандардың бақылау-өткізу пункттерінде 597 өткізу режимін бұзушы ұсталды, олардан аудио-бейнетіркеу және ақпарат тасығыш функциясы бар 90 бірлік аппаратура алынды. Жалпы сомасы алты миллион теңгеден астам тауарлық-материалдық құндылықтарды ұрлаудың алдын алды. Қоғамдық тәртіпті қорғау кезеңінде патрульдік-бекеттік қызметтің 3692 міндеті орындалды. 164-тапсырма дағдарыс жағдайында және төтенше жағдай кезінде, 784-і қоғамдық-саяси және басқа да бұқаралық іс-шараларды қамтамасыз ету кезінде орындалды. Ұлттық ұланның әскери жасақтарымен 29 мыңнан астам құқық бұзушы ұсталып, ішкі істер органдарына жеткізілді. Мемлекет кірісіне 43 миллион теңгеден астам айыппұл өндірілді, 81 бірлік суық, атыс және травматикалық қару тәркіленді. Жалпы салмағы бір келіге дейін есірткіні алудың 75 дерегі тіркелді. Бұдан басқа қызметтік иттердің көмегімен,

қылмыс жасау белгілері бар 47 құқық бұзушы ұсталды. 10 келіден астам есірткі құралдары тәркіленді, екі миллион теңгеден астам сомаға ұрланған мүлік, үш бірлік атыс, травматикалық және суық қару, 10 бірлік граната, 35 бірлік 5,45 және 7,62 миллиметр оқ-дәрі табылды. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін күзету жөніндегі қарауылдар сотталғандардың ішкі тыйым салынған аймаққа кіруінің үш жағдайына, тыйым салынған аймақтарға заңсыз заттарды лақтыруға тырысқан 153 адамның әрекетіне тосқауыл қойды және 111 адам ұсталды. Бақылау-өткізу пункті арқылы тыйым салынған заттарды тасымалдаудың 25 жағдайы тіркелді. ҚАЖ мекемелерін күзету, айдауылдау жөніндегі қарауылдармен, сотталғандарды бақылау және қадағалау жөніндегі бақылаушылардың әскери жасақтарымен құрамында есірткі бар бір келіге жуық заттар, құрамында спирті бар 37,4 л сұйықтық, 1622 бірлік ұялы телефон, 915 бірлік сим-карта, бір миллион теңгеден астам ақша, 634 бірлік шаншу, кесу заттары тәркіленді. Қарауылдар мен айдауылдау бойынша 3 868 міндет орындалды. Олар

55 мыңға жуық сотталғандар мен қамауда отырған адамдарды тасымалдады.

– *Сарбаздарды қорғануға, шабуылдауға дайындауда және ұрыс жүргізуде әрекет ету амалдары мен тәсілдеріне үйрететін оқу-жаттығу жайын баяндап өтсеңіз.*

– Жауынгерлік қызметтің міндеттерін орындаудан басқа, жеке құрам жыл бойы 119 бірлескен оқу-жаттығуларға және жаттығуларға қатысты. Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының қатысуымен «Қазқұтқару-2022», «Бекет-2022», «Алаң-2022» жедел-тактикалық оқу-жаттығуларында және «Террорға қарсы» арнайы жедел жоспарлары бойынша 36 жаттығу өтті. Сонымен қатар ІІМ-нің арнайы жедел жоспарларына сәйкес өзара іс-қимыл жасайтын органдармен 40 жедел-тактикалық оқу-жаттығу жұмысын айтып өтсек болады. Біз тілге тиек еткен сандардың артында Ұлттық ұланның барлық қызметтерінің үйлесімді жұмысы жатыр. Қылмысқа қарсы күресте алдыңғы шепте жүрген әскери қызметшілердің еңбегі орасан зор. Өткен жылы ғана заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету кезінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін Ұлттық ұланның 21 әскери қызметшісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталды. Оның үшеуін қайтыс болғаннан кейін марапаттады. Әскерді одан әрі дамыту туралы өз көзқарасымды білдіріп өтейін. Алдымен, біз өзіміздің алдымызда басшылық жасағандардың салған жолын және олардың әскерлерді басқару кезеңінде әскерлерді дамыту туралы айқындалған сабақтастықты сақтайтынымызды атап өткім келеді. Оның ішінде қазіргі ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов осы қызметте 13 жылдан астам уақыт болған кезде әскерлердің дамуына баға жетпес үлес қосты. Сыртқы деструктивті әсердің өсуімен күшейтілетін ішкі қауіпсіздіктің қазіргі заманғы сын-қатерлері мен қауіптерін талдау, қарсы тұру әдістерінің дамуы, оның ішінде Қаңтар оқиғасы мен пандемия Ұлттық ұланнан өзіне жүктелген міндеттерді кепілді орындау үшін барлық шараларды қабылдауды талап етеді. Сондықтан біз әрқашан сын-қатерлерге дайын болуымыз керек.



– Мемлекет басшысының әскерлерді сандық және сапалық жағынан нығайту туралы тапсырмасы қалай орындалуда?

– ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың тапсырмасын ескере отырып, Ұлттық ұланның әскери кеңестерінде әскерлерді одан әрі дамытудың негізгі бағыттары айқындалды. Осылайша, әскерлердің қызметтік-жауынгерлік қызметін жетілдіру мақсатында 2022 жылғы 11 шілдеде «ҚР Ұлттық ұланы туралы» Заңға 18 өзгеріс енгізілді. Ал сол жылдың 12 қазанында ҚР Әскери доктринасына Ұлттық ұланның құрылымын жетілдіру, құрамын күшейту және инфрақұрылымын дамыту, дағдарыс жағдайларындағы міндеттерді шешу үшін әскерлерді қолданудың жаңа нысандары мен іс-қимыл тәсілдерін енгізу бөлігінде толықтырулар енгізілді. Әскерлердің жауынгерлік әлеуетін арттыру мақсатында қосымша штат санын енгізу есебінен «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшелерінің, жедел мақсаттағы бөлімшелердің ұйымдық-штаттық құрылымын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар кешені өткізілді. Әскери-көліктік және армиялық авиацияны дамыту, автобронетанк техникасының заманауи үлгілерімен жарақтандыру, авиациялық базаны қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда. Әскери-көліктік және армиялық авиацияны дамыту, автобронетанк техникасының заманауи үлгілерімен жарақтандыру, авиациялық базаны қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда. Авиациялық бөлімшелерде қарапайым және күрделі ме-

теорологиялық жағдайларда қызметтік-жауынгерлік міндеттерді шешуге қабілетті ұшақтардың түрлері бар. Авиатехниканы сапалы пайдалану және авиациялық персоналды даярлау үшін Астана әуежайында авиа-

база инфрақұрылымының құрылысы аяқталуда. Одан басқа Y8 ұшақтары мен Ми-171 тікұшақтары сияқты авиациялық техниканың жаңа үлгілері кезең-кезеңімен қарулануға енгізіледі, бұл қоғамдық қауіпсіздіктің барлық сын-қатерлеріне жедел тойтарыс беруге мүмкіндік береді. Бұл шараларды іске асыру қысқа мерзімде елдің кез келген өңірінде арнайы операцияларды жүргізу үшін күштер мен құралдарды тиімді басқаруды және уақытылы арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Өткен жылы біздің бөлімшелер тоғыз халықаралық іс-шараға, оның ішінде «Кобальт-2022» тактикалық арнайы оқу-жаттығуларына және «Өзара іс-қимыл – 2022» командалық-штабтық оқу-жаттығуларына қатысып, жоғары жауынгерлік дағды мен кәсібилік көрсетті. Сонымен қатар Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының желісі бойынша біздің арнайы бөлімшелеріміз терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығуларға белсенді





қатысады.

– **Ұлттық ұланның арнайы мақсаттағы жасағы «Бүркіт» туралы тарқатып айтсаңыз?**

– «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлімшелері Ұлттық ұланның төресі деп есептеледі және төтенше жағдайларда қойылған міндеттерді ойдағыдай орындайды. Бұл – елдегі жауынгерлік тапсырмаларды өз бегінше орындай алатын үш арнайы жасақтың бірі. Олардың басты міндеті – аса қауіп төндіретін және мемлекеттің басты мүдделеріне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін құқық бұзушылықтарға тойтарыс беру. Арнайы күштердің жауынгерлері күрес пен атудың барлық негіздеріне ие және оларға үлкен моральдық-психологиялық жүктеме жүктеледі. Өткен жылы әскери бөлімдер мен арнайы мақсаттағы бөлімшелер 4 387 түрлі қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындады. Оның ішінде жедел-ізвестіру қызметімен айналысатын органдарға жәрдем көрсету бойынша 725 міндет, қарсы қарауылдардың қауіпсіздігі 139 рет қамтамасыз етілді. «Қарасора-2022» арнайы жедел алдын-алу іс-шарасына қатысты. Бұл ретте қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп күдікке ілінген 2226 адам ұсталды. Олардан бір қару тәркіленді, сонымен қатар 49 бірлік ойық, 124 бірлік тегіс ұңғылы, 30 бірлік травматикалық (газ) қару, ойық, тегіс ұңғылы және травматикалық қаруға арналған 2186 түрлі калибрлі оқ-дәрі, 16 бірлік суық қару, 14 бірлік жарылғыш заттар мен өзге де жарылғыш құрылғылар табылды. Есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл бөлімшелеріне көмек көрсету кезінде заңсыз айналымнан 12 тон-

наға жуық есірткі заттары тәркіленді. Аумақтық полиция органдарымен, Ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп, 17 арнайы операция жүргізілді. Оның барысында 10 тұрақты қылмыстық қоғамдастықтың қызметі тоқтатылды. Олардың 35 көшбасшысы, деструктивті бағыттағы дәстүрлі емес діни ағымдардың 11 жақтаушысы ұсталды. Терроризмге қарсы операция барысында қылмыстық әрекеттері қылмыс жасауда негізделген 12 адам залалсыздандырылды. Бұл ретте арнайы мақсат бөлімшелері 30 реттен артық деструктивті күштер тарапынан шабуылға ұшырады. Ішкі істер министрлігінің басшылығы мен Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы «Бүркіт» арнайы мақсат бөлімшелерінің жеке құрамын даярлауға ерекше көңіл бөледі. Күрен берет – құқықтық тәртіп әскерлерінің арнайы мақсаттағы бөлімшесінің нышаны. Оны тек біліктілік сынақтарынан сәтті өтіп, өзінің кәсіби, физикалық және моральдық қасиеттерімен осы құқықты дәлелдей алған әскери қызметшілер ғана кие алады. Арнайы мақсаттағы бөлімшелерде тек келісімшарт бойынша әскери

қызметшілер мен офицерлер қызмет атқарады және олар үшін жауынгерлік даярлықтың арнайы бағдарламасы әзірленді. Өйткені олардың қызметі күнделікті өміріне қауіп төндіреді. Ішкі істер органдарымен бірлесіп, олар күн сайын қылмыстарды ашуға, аса қауіпті қылмыскерлерді ұстауға, арнайы операцияларға қатысады. Олардың көпшілігі жауынгерлік ордендермен марапатталған.

– **Баланы бұғанасы қатпаған талишыбық кезінен Отан қорғауға тәрбиелеу керектігі жиі айтылады. Сіз не айтар едіңіз?**

– Орынды сауал. Ұлттық ұланда «Жас бүркіт» әскери-патриоттық қозғалысы жұмыс істейді. Бүгінде өңірлерде қамқорлыққа алынған 61 әскери-патриоттық сынып және жеті «Жас бүркіт» спорттық әскери-патриоттық клубтар табысты жұмыс істеуде. Мемлекет басшысының әскерге шақыру және әскерге дейінгі жастармен жұмысты күшейту, оларды отансүйгіштік рухында тәрбиелеу туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында 2022 жылдың қыркүйек-қараша айлары аралығында Алматы мен Алматы облысында «Бүркіт» атты Ұлттық ұланның арнайы мақсаттағы бөлімшелері туралы көркем фильм түсірілді. Бұл – Ұлттық ұланның бастамасымен түсірілген үшінші фильм. Бізге ҚР Мәдениет және спорт министрлігінде қолдау көрсетілді және ұлттық киноны қолдау жөніндегі мемлекеттік орталықтың тапсырысы бойынша осы фильм түсірілді. Фильмді жасаушылардың басты мақсаты – кинокартина кейіпкерлері арқылы ар-намыс пен қадір-қасиет, достық пен Отанға деген сүйіспеншілік, ант пен қызметтік борышқа адалдық туралы айту болды. Сонымен қатар Ұлттық ұланның 13 ар-





найы Күштері қызметінің объективі арқылы көрерменге Қазақстанның осындай бөлімшелері туралы баяндайды. Қазіргі уақытта фильмнің постөндірісі жүріп жатыр және оның кең экранға шығуы осы жылдың көктемінде жоспарланған. Тәрбие жұмысы және жеке құрамның моральдық-психологиялық жағдайына тоқталып кетсем, әскери қызметтің бір жылында жас сарбазды тәрбиелеу, әскери істі үйрету және физикалық тұрғыдан оны қатайту оңай шаруа емес. Сонымен бірге әскерлерде жас жауынгерлер қызметтің бірінші күнінен бастап оларды ұландық ортаға бейімдеуге және әскери істі осы тәсілмен оқытуға бағытталған тәрбие және ұйымдастыру іс-шаралары кешенді түрде өткізіледі. Жалпы, әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық жағдайы бүгінгі күні барлық қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауға мүмкіндік береді. Бұған Қаңтар оқиғасы дәлел. Қажетті медициналық көмек көрсетілгеннен кейін жарақат алған әскери қызметшілер жауынгерлік шептерге қайта оралуға тырысқаны моральдық-психологиялық дайындықтың жоғары деңгейін көрсетеді.

– Бүгінгі күннің батырлары жөнінде бірер сөз айтсаңыз.

– Біздің әскери қызметшілеріміз күнделікті қызмет атқару кезінде батылдық, қырағылық танытады, түрлі жағдайларда азаматтарға көмектесіп, жанқиярлық әрекеттер жасайды. Суға батқанда, өрт кезінде құтқарады, жоғалған балаларды тауып, туыстарына қайтарады. Ұлттық ұлан құрылған жылдары ішінде әскери борышын орындау кезінде 250-ден



астам әскери қызметші (оның 27-сі қайтыс болғаннан кейін) мемлекеттік наградалармен марапатталды. Жуырда біз «Халық қаһарманы» атағын алған тәлімгер ұстазымыз, отставкадағы генерал-полковник Қайырбек Шошанұлы Сүлейменовті арнайы шақырып, құрметтегенімізді мақтанышпен айта аламын. Әскерлерде үлкен әскери-патриоттық жұмысты генералдар – Болат Жанасаев, Дәулет Салханов, ҚР ҰҰ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қалиақпар Тоқышев және біздің әскерлердің құрылу бастауында тұрған басқа да көптеген офицерлер жүргізеді. Олардың даңқты істерін ұландықтардың қазіргі буыны жалғастыруда. Ұлттық ұлан қатарында менің Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарым, «Халық қаһарманы» полковник Қайрат Үмбетов қызмет етеді. Әскерлер III дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған Жандос Баянбаевты мақтан тұтады. III дәрежелі «Айбын» ор-

денімен марапатталған Ербол Отарбаев туралы көркем фильм түсірілді. Ақтөбеде қылмыскерлермен қақтығыста жараланған сарбаздар бүгінде келісімшарт бойынша қызмет етеді, кейбіреулері офицер болды. Біз қайтыс болған жауынгерлердің отбасыларын ұмытпаймыз және қолдаймыз. Тәжік-ауған шекарасында қаза тапқан 17 сарбаз ұмытылған жоқ. Олардың құрметіне «Қазбат» көркем фильмі түсірілді. Батырлардың ерлік үлгілерімен біз жас ұрпақты тәрбиелеп, сарбаздарға тәуелсіздігіміздің құрдастары туралы айтып отырамыз. Тұтастай алғанда әскери-құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүргізіліп жатқан «2022-2024 жылдарға арналған әскерлердегі құқық бұзушылықтардың алдын алу бағдарламасын» іске асыру жөніндегі жұмыс Ұлттық ұланның бөлімдері мен бөлімшелерінде қажетті әскери тәртіп пен құқықтық тәртіпті сақтауға ықпал етеді. Өткен жылдың нәтижесі бойынша 21 әскери бөлімде оқиғалар мен қылмыстық құқық бұзушылықтарға жол берілмеген. Бұл әскери тәртіпті нығайтуда оң динамикаға қол жеткізілді деген сөз. Бұл ретте офицерлер мен мерзімді қызметтегі сарбаздар жіберген қылмыстық құқық бұзушылықтардың екі есеге төмендеуі байқалады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұйымдастырылған жұмыс олардың санын 25%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Көп нәрсе жасалды. Бірақ одан да көп нәрсе істеу керек.

– Сұхбатыңызға алғыс айтамын!

**Жұлдыз ТОЙБЕК,
«Сақшы» газетінің
шеф-редакторы**





ЕЛОРДАДА ҚР ҰЛТТЫҚ ҰЛАНЫ КҮНІНЕ ОРАЙ ГАЛА-КОНЦЕРТ ӨТТІ

Жыл сайын еліміздің астанасында құқықтық тәртіп әскерлерінің құрылу күніне орай Ән-би ансамблі мен Үлгілі-көрсетімді оркестрінің гала-концерті өтеді. «Ұлттық ұлан – ұлт рухы» атты салтанатты концерт әртістердің ерекше қойылымдарымен есте қалды.

Ұландықтардың Ән-би ансамблінің музыканттары мен солистерінің орындауындағы әскери-патриоттық әндер біздің еліміздегі барлық патриоттық іс-шаралардың Әнұранына айналды десек болады. Әскери тақырыпқа байланысты бірде-бір концерт олардың шығармашылық ұжымының қатысуынсыз өтпейді. Ұлттық ұланның Ән-би ансамблі бүгінде еліміздің күш құрылымдары арасында мемлекеттің орталық залдарында гала-концерт беретін жалғыз әскери-музыкалық ұжым саналады.

Алғашқы минуттардан бастап лық толы зал концерттің басталуын тағатсыздана

күтті. Қалыптасқан дәстүр бойынша концерт ұландық оркестр мен ансамбльдің барлық құрамының орындауындағы мерекелік фанфарлардың үнімен басталды. «Елге арнау» атты алғашқы қойылым 31 жыл бойы қоғам мен мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келе жатқан ұландықтарға арналды. Солистерді аға лейтенант Алпамыс Асылбектің жетекшілігімен шығармашылық ұжымның музыканттары кәсіби түрде сүйемелдеді. Көрермендер әскери тақырыптағы патриоттық әндерді жанды дауыста тыңдап, сүйсіне тамашалады. Биыл концерт атақты отан-





дық әртістердің, еңбек сіңірген қайраткерлер мен лауреаттардың ғана емес, сонымен қатар әскери қызметшілердің ұйымдастырылған қойылымдарымен де ерекшеленді. Отандық эстрада жұлдызы Маржан Арапбаева «Қазақ елі осындай» және «Чемпион» атты әндерді ұсынды. Айта кетейік, концерт патриотизмге, қазақ халқының тарихына бай семантикалық көңіл-күйге толы болды. Концерттік бағдарламада лирикалық, әскери, заманауи әндер мен көңілді билер ғана емес, оркестрдің орындауындағы күйлер де болды. «Қазағым жаса!», «Бабалар рухы» шығармалары және «Гауһартас» биі барлық көрерменнің жүрегіне әсер етті. Салтанатты концертке Ішкі істер органдарының және басқа да өзара іс-қимыл жасайтын құрылымдардың ардагерлері шақырылды. Олар үшін ансамбль бастығы, аға лейтенант Алпамыс Асылбек пен Ән-би ансамблінің бұрынғы бастықтары – отставкадағы полковник Рахметжан Шамұратов пен майор Дархан Рахымғалиевтің орындауындағы «Барлық балалар үшін» әні шырқалды. Халықаралық конкурстардың лауреаты, Ұлттық ұлан Ән-би Ансамблінің солисі Ерасыл Бозаев «Уақыт» әнін орындап, фондық вокалмен бірлесе отырып, құқықтық тәртіп әскерлеріне деген сүйіспеншілік пен құрметін білдірді. Сондай-ақ «Қағаз үй» сериалының саундтрегі ретінде әлемге танымал болған «Bella Ciao» халықтық итальяндық әніне көрермен ерекше қошемет көрсетті. Концерт көрермендеріне Ұлттық ұланның Құрмет карауыл ротасы жауынгерлерінің «Кару-жарақпен дефиле» атты виртуоздық көрме қойылымы ұнады. Дәстүр бойынша гала-концерт Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Естай Мұқашевтің және ҚР Ұлттық ұланының Ән-би ансамблі мен Үлгілі-көрсетімді оркестрінің барлық ұжымының орындауындағы «Елдің қорғаны» әнімен аяқталды.

ШҰҒЫЛА ТҮРЛЫБЕК,
Суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ,
Астана қаласы



АСТАНАДА БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМ ЖЕДЕЛ ДАЙЫНДЫҚТАН ӨТТІ



Жыл басында елордалық жедел бригада базасында өңірлік қолбасшылықтардың қолбасшыларымен, Ұлттық ұлан Академиясының бастығымен, құрамалар мен әскери бөлімдердің командирлерімен, олардың тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарларымен, өңірлік қолбасшылықтар мен тікелей бағынысты бөлімдердің әскери полиция бөлімдерінің бастықтарымен жиындар өтті.

Екі күн ішінде командалық буын офицерлері атыс, дене шынықтыру, әскери-инженерлік даярлық, РХБЗ, техникалық және әскери-медициналық даярлық бойынша практикалық дағдыларды және қару-жарак пен әскери техниканың, арнайы құралдардың, байланыс құралдарының тактикалық-техникалық сипаттамаларын білуді қоса алғанда, кәсіптік-лауазымдық даярлықтың негізгі пәндері бойынша, сондай-ақ әскерлерді басқаруды жетілдіру жөніндегі мәселелер талқыланды.

Сабақтың негізгі бөлігі дала

жағдайында өтті. Алғашқы күні ҚР Мемлекеттік Күзет қызметінің «Майлан» далалық оқу орталығында, екінші күні - ҚР Ұлттық ұланының «Қаптағай» біріккен оқу орталығында болды. Мәселен, МКҚ полигонында ӨңҚ қолбасшыларымен, командирлерімен және олардың тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасарларымен «арнайы мақсаттағы бөлімшелердің әрекеттері, десантты тікұшақтан парашютсіз тәсілмен түсіру және көрсетілген шекараны басып алу бойынша» көрсетілім сабағы өткізілді. Бұл

сабаққа ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы генерал-майор Еркін Ботақанов белсенді қатысты. Ол МИ-171Е тікұшағының ішінен Калашников пулеметінен берілген нысанаға оқ тигізіп, содан кейін қарда жүретін көлікте келе жатып, АК-74-тен нысанаға оқ жаудырды.

Осындай керемет көріністен кейін Бас қолбасшы жиналысқа қатысушыларды және өзара әрекеттесетін күш құрылымдарының бақылаушыларын қарсы алды, өңірлік қолбасшылықтардың, құрамалар мен бөлімдердің басшылық құрамына барлық сынақтарды тапсыруда сәттілік пен табыс тіледі, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарын да қатаң сақтау қажеттігін еске салды.

Содан кейін ауданы 4500 гектардан асатын «Майлан» полигонында 9 учаскеде атыс бойынша практикалық сабақтар ұйымдастырылды.



Офицерлер БТР-80, АК-74 қару-жарағынан Орал-ВВ және «Тигр» АПМ броньды автомобильдерінің ойықтары арқылы атыс жүргізді. Сонымен қатар, атыс қару-жарақ пен гранатометпен орындалды. Оныншы оқу орнында – МКҚ полигонындағы сыныптардың бірінде қару-жарақ пен әскери техниканың негізгі түрлерінің, байланыс құралдары мен арнайы құралдардың мақсатын, жауынгерлік қасиеттерін білу бойынша сынақтар қабылданды.

Атыс дайындығы бойынша үздік нәтижелер көрсеткен офицерлер: БТР-80 қару-жарағынан – генерал-майор Т. Әміреев, Калашников пулеметінен – полковник Б. Оспанбеков, 5571 әскери бөлімі; НСВ пулеметінен – подполковник С. Алқайдаров, 5517 әскери бөлімі; автоматтан – подполковник С. Молдабеков, 3514 әскери бөлімі; мергендік мылтықтан – подполковник А. Пернекулов, 5512 әскери бөлімі; ТҚГА (РПГ) гранатометінен – подполковник А. Исенов, 5511 әскери бөлімінен үздік деп танылды.

ТҚГА-7 (РПГ-7) атыс учаскесіндегі әрекеттер мен үйлесімділікті «Орталық» ӨңҚ офицерлері көрсетті. СТГ-9-дан ату кезінде генерал-майорлар С. Шекарбеков, Т. Әміреев және полковник А. Тоқышевтің басшылығымен есептеулер сәтті және дұрыс жүргізілді.

Айта кету керек, атыс дайын-



дығының деңгейін тексеру үшін атыс қаруынан оқ ату, жауынгерлік машиналар мен граната атқыштарды қаруландыру, тігіркендіргіш және өлімге әкелмейтін травматикалық әрекеттің арнайы құралдарын қолдану бойынша тестілік жаттығулар жасалды. Арнайы мақсаттағы бөлімшенің әскери қызметшілері орындайтын жаттығулар негізге алынды.

– *Понятно. А скажите, пожалуйста – где можно обучиться на военного программиста.*

– В основном военнослужащие – специалисты автоматизации имеют гражданское образование. Вместе с тем, ряд военнослужащих, которые сейчас проходят службу в наших рядах, закончили Военно-инженерный

институт радиоэлектроники и связи МО РК (ВИИРЭиС), (г. Алматы), Академию сухопутных войск Турецкой Республики, (г. Анкара). Кроме того, на ежегодной основе организовано повышение квалификации офицеров подразделений автоматизации на профильных курсах в Военной академии связи в городе Санкт-Петербург Российской Федерации.

– *Какие требования предъявляются к специалистам автоматизации при приеме на службу.*

– Минимальные требования к военнослужащим на должностях рядового и сержантского состава – это наличие профильного средне-специального образования, к военнослужащим на должностях офицерского состава – наличие профильного высшего образования, кроме того, немаловажным остается практический опыт и желание развиваться.

Специалистам информационных технологий недостаточно иметь базовые знания, требуется их постоянно совершенствовать, изучать новые технологии, так как на сегодняшний день как Вы видите, темпы развития очень высоки.

– *Какие перспективы развития информатизации войск на ближайшее время?*

– В целях совершенствования информационного обеспечения деятельности Национальной гвардии, в ближайшее время планируется переход к единому централизованному облачному документообороту с цифровыми решениями, обеспечить перевод планирования служебно-боевой деятельности в цифровой формат посредством подсистемы «Плани-



рование» информационной системы «Максат», также подключение воинских частей к системе «Облачный документооборот»; интеграция информационной системы «Максат» с сервисами государственных органов; продолжить плановое подключение Центра управления войсками Главного командования к интеллектуальной системе видеомониторинга «Сергек»; модернизация и внедрение системы поддержки принятия решений командиром «АКСУ»; модернизация АРМ «Дежурной службы» в интересах Центра управления войсками и дежурных служб, в целях актуализации содержания имеющихся разделов и интеграции с модулем «Учет мероприятий боевой службы» ИС «Максат».

Также планируется внедрение в военно-медицинских подразделениях комплексной медицинской информационной системы (далее – КМИС) Министерства здравоохранения «Dmed». С ноября 2022 года проводится ее апробация в Национальной гвардии. Использование КМИС «Dmed» в подразделениях позволит сэкономить денежные средства на ежегодное сопровождение модуля «Учет заболеваемости военнослужащих», а также повысить качество отбора военнослужащих и кандидатов на воинскую службу, тем самым исключить призыв в ряды НГ граждан

с хроническими заболеваниями и другими отклонениями по здоровью.

А вот новая модификация модуля «Учет личного состава» в части использования специализаций, а также модификация отчета «Укомплектованность должностей», позволят формировать отчет о состоянии дел укомплектованности вакантных должностей по видам служб в разрезе региональных командований и воинских частей, в настоящее время такая возможность отсутствует.

Среди государственных органов, в Национальной гвардии впервые в составе ИС «Максат» реализован и успешно внедряется журнал «Присвоения очередных воинских званий» с учетом автоматического снятия взысканий по истечению срока давности, т.е. 6-ти месяцев. Функционал позволил автоматизировать процесс присвоения воинских званий, в разы сократить время на формирование проекта Приказа, исключить необходимость предоставления ряда документов (рапорт на присвоения воинского звания и т.д.).

В целях совершенствования механизма авторизации пользователей информационной системы «Максат», организован переход на единую систему авторизации «Электронного правительства» аналогично portalу. Переход на единую систему авторизации позволил только на первом

этапе сэкономить финансовые затраты на закуп электронных ключей «JaCarta» порядка 10,8 млн. тенге. Важно отметить, что Национальная гвардия, – одна из первых среди государственных органов, которая внедрила единую систему авторизации «Электронного правительства».

В соответствии с приказом Главнокомандующего Национальной гвардией от 10 декабря 2021 года №450 «О некоторых вопросах регистрации транспортных средств Национальной гвардии Республики Казахстан» проводятся мероприятия по апробации и внедрению функционала регистрации транспортных средств и прицепов к ним с выдачей соответствующих документов. Это позволило сократить время на регистрацию 1-го транспортного средства с 15 суток до 2 часов.

Вышеуказанные мероприятия запланированы на среднесрочную перспективу, также нашими специалистами ежедневно проводятся мероприятия, которые направлены на совершенствование и обеспечение функционирования информационно-коммуникационной инфраструктуры Национальной гвардии.

Беседовал
подполковник
Руслан КАЙЫРКЕНОВ



«ОТАНСҮЙГІШТІК — ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ»



– Сағындық Ахмадиұлы, аңгімеізді алдымен 5517 әскери бөлімнің тарихы жайлы және қандай әскери бағытта негізделгенін айта кетсеңіз?

– Ел қауіпсіздігін сақтауда Ұлттық ұланның орны ерекше. Біздің әскери қызметшілер ішкі істер құрылымдары қызметкерлерімен бірлесіп, қала көшелеріндегі қоғамдық тәртіпті қадағалап, түзеу мекемелерінде отырған қылмыскерлерді күзетіп, көпшілік халық жиналатын шаралар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Ал әскери бөлімнің өткен тарихына көз жүгіртсек, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекетіміздің ішкі тұрақтылықты сақтау үшін

Қазақтың даңқты батыр ұлдарының бірі – Бауыржан Момышұлы «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген екен. Шынында да осы Отан үшін, туған ел мен жер үшін отқа түскен кешегі батыр бабаларымыз, әлемде жер көлемі жөнінен тоғызыншы орын алатын осынау байтақ өлкені «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қорғап кейінгі ұрпаққа аманаттап кетті. Қазақ елінің қай қиырына барсаңыз да тәуелсіздіктің желбіреген көк туын көріп, көңіл шіркін марқаяды. Осы орайда Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан жауынгерлеріне де үлкен міндеттер жүктеледі. Бұл жайында Ұлттық ұлан «Батыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 5517 әскери бөлімнің командирі подполковник Сағындық Алқайдаровпен жүздесіп, әскери бөлімнің даңқты жауынгерлік жолы, өткені мен бүгіні жайлы сұхбаттасқан болатынбыз.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысымен және Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерлері Қолбасшысының бұйрығымен біздің еліміздің көптеген қалаларында жедел бөлімдер құрылды. Сонымен қатар 1995 жылдың 20 ақпанында Орал қаласында 5515 әскери бөлімінің багалыоны базасында 5517 әскери бөлімі құрылған болатын.

Әскери бөлімнің құрылуына елеулі қызмет еткен офицерлер Сергей Юрченко, Кенес Байсмаков, Ва-

лерий Дурнов, Андрей Попов, Асхан Ибишов, Даниль Ваганов, Бақытжан Бердиев, Марат Абдрахманов, Малгабай Байболатов тағы да басқа офицерлерді мақтанышпен атауға болады. Олар бөлімнің қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі қызметтік-жауынгерлік міндетін сенімді түрде абыроймен атқарды.

Ал 1996 жылы маусымда полк командирі болып подполковник Кенес Байсмаков тағайындалды. Кенес Құспанұлы басқарған кезде бөлім жауынгерлік қызмет-





те жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Осы орайда подполковник К. Байсмаковтың басшылығымен бөлімнің әскери ұжымы жауынгерлік сайыстың қорытындысы бойынша 1999 жылы Қазақстан Республикасы ПМ Ішкі әскерлер полктері арасында бірінші орынға ие болды. Бұл бөлім үшін үлкен жетістік болды.

Сондай-ақ, 2002 жылдың 30 желтоқсанда бөлімнің өмірінде айтулы оқиға болды. Қазақстан Республикасы ПМ Ішкі әскерлерінің қолбасшысы генерал-полковник Қайырбек Сүлейменов бөлім командирі подполковник Ермек Нұрғалиевке әскери бөлімнің Жауынгерлік туын табыстады. Бөлімнің Жауынгерлік туын алғаннан кейін жеке құрам күн сайын өз шеберліктерін жетілдіріп, әскер жауынгерлері мен оның бөлімшелерінің дәстүрлерін арттырды.

Бүгінде әскери бөлім жеке құрамы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұлан әскер туралы» Заңды басшылыққа алып, ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірге Орал қаласындағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етіп, түзеу мекемесін күзетіп, табиғи апаттардың салдарын жоюға қатысу және тағы басқа қойылған қызметтік-жауынгерлік міндеттерді адал және абыроймен атқарып келеді.

Жауынгерлік қызметті атқарумен қатар бөлімнің әскери қызметшілері өңірдегі қоғамдық-мәдени іс-шараларға белсенді қатысады. Мәселен, полктің әскери оркестрі қалалық қоғамдық іс-шараларға үнемі қатысып отырады. Әсіресе, жастар-

ды полктің өмірімен жақынырақ таныстыру үшін Ашық есік күндері жүйелі түрде өткізіледі. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, қарттар үйі мен жетім балалар үйлеріне дәстүрлі түрде барып, сыйлықтар сыйға тартамыз. Жастарды әскери-патриоттыққа тәрбиелеуге қосқан зор үлесі үшін жергілікті атқарушы органдардың өкілдеріне, сондай-ақ Орал қаласы білім басқармасы, мәдени мекемелерінің басшыларына өз алғысымды білдірем.

- Биыл сіз басқарып отырған 5517 әскери бөлімі Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери бөлімдері арасындағы жауынгерлік сайыстың бастамашысы болды. Осы орайда, жауынгерлік сайыс туралы ой-пікіріңізді айтып өтсеңіз?

– Биылғы қаңтар айында Әскери кеңесте біздің 5517 әскери бөлімі Жауынгерлік жарыстың бастамашысы болып бекітілді. Бұл жауынгерлік сайыс Ұлттық ұланда «Жауынгерлік жанұядай ұйысқан. Ұлттық ұлан елімен халқына қорған» атты ұранмен өтуде. Бұл ұранның астарында мемлекеттің әскери жасағын дамыту жүйесіндегі уақыт талабымен үндесетін терең рухани ой жатыр. Сондай-ақ биыл күз айында біздің өңірлік инспекторлық тексерісті тапсырады. Әрине, көздеген мақсатқа жету үшін тынымсыз еңбектену қажет.

Ол үшін әрбір сардар мен сарбаз өзіне жүктелген міндеттерін тиянақты атқарып, кәсіби біліктілігін арттырып отыруы қажет. Әр ай

сайын бөлімдерде кешенді-бақылау сабақтары өткізіледі. Жауынгерлер тактикалық-арнаулы жаттығуларға белсенді қатысады. Мысалы, өткен жылы өңірліктің жауынгерлері, «Бөгде», «Антитеррор» және тағы басқа жаттығуларға қатысып, әскери шеберліктерін шыңдады.

Ал әскери ұжымның басты моральды және интеллектуалды тұтқасы – офицерлер. Бөлімшелерді басқарудың негізгі ауырталығы солардың мойнында. Ал әскери қызметкер әскери-жауынгерлік міндетін табысты орындау жолында өзінің күшін, білімі мен тәжірибесін пайдаланады.

Негізінен жауынгерлік сайыс әскери қызметшілерге, бөлімшелер мен бөлімдерге жүктелген міндеттерді тиімді және сапалы орындау мақсатында әскерлерде жылда ұйымдастырылып өткізіледі.

Жауынгерлік сайыс – бұл командирлердің, штабтардың, тәрбие құрылымдарының әскери ұжымдар мен әскери қызметшілерді қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындауда, жауынгерлік даярлықта және әскери тәртіпті нығайтуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге жұмылдыру жөніндегі жұмыс.

Ең бастысы, әр сабақты жауынгерлік, командирлік және кәсіби-лауазымдық даярлық бойынша жоғары әдістемелік деңгейде қатаң түрде өткізу. Бөлімшелерде, батальонда, бөлімде жауынгерлік жарыстың қорытындысын шығарудың бекітілген жүйесін мүлтіксіз сақтау.

Әрине, белгілі бір нәтижеге жету үшін сіз көп және жемісті жұмыс істеуіңіз керек. Мен әрбір әскери қызметшіден өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді кәсіби және адал орындауды, өзінің кәсіби деңгейін үздіксіз арттыруды және бағыныштыларды оқытуды, қойылған міндеттерді шешуде табандылық пен ақылға қонымды бастама көрсетуді талап етемін.

Сондықтан 2023 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының үздік әскери бөлімі атағына қол жеткізу үшін жан-жақты күш саламыз. Бәріміздің ортақ борышымыз – Отанымыздың нағыз патриоты болуға тырысу. Бір сөзбен айтқанда, біздің міндет-мақсатымыз біреу. Ол Қазақстан Қарулы күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы Қ. К. Тоқаевтың және Қазақстан Республикасы Ұлт-



тық ұлан Бас қолбасшысының бұйрықтарын бұлжытпай орындау үшін әрқашанда жоғары әскери дайындықта болу.

– **Мерзімдік қызметке шақырылған жас сарбаздармен бастапқыда қандай жұмыстыр жүргізіледі?**

– Алдымен әскери бөлімге келген жас сарбаздарды бір айға бастапқы оқу пунктіне жібереміз. Сол жерде олар алғашқы дайындық мектебінен өтіп, әскери өмірдің барлық қыр-сырын үйренеді. Жас сарбаз курсынан басқа олармен әртүрлі мәдени-демалыс іс-шаралары, Ұлттық ұлан ардагерлерімен кездесулер, бөлімнің тарихымен танысу және т.б. іс-шаралар өткізіледі. Жас жауынгер курсы Отанға адал болуға және еліміздің заңды түрде халқына, сайланған Президентіне Әскери ант қабылдаумен аяқталады.

Осы айтулы мерекеге алыстан ат терлетіп, сарбаздардың ата-аналары келген жағдайда, екі күнге демалысқа жібереміз. Әскери ант қабылдайтын күні арнайы мерекелік бағдарлама болады. Оған сарбаздардың ата-аналары, достары тумауыстары да қатысады.

Сонымен қатар, әскери бөлімдерде арнайы «Ашық есік» күні секілді шаралар өткізіледі. Сол кезде ата-аналар ұлдарының күнделікті әскери өміріндегі қызметтерімен жақын танысып, жататын жерлерін, асханасын, жалпы әскери бөлімнің ішін аралап, өз көздерімен көреді.

Үздік қызмет көрсеткен сар-



баздарға ата-анасына немесе жұмыс орнына әскери міндетін үлгілі орындағаны туралы алғыс хат жолдау, көтермелеуі тәртіптік Жарғыда заңмен бекітілген.

– **Бөлімде жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруге байланысты нендей шаралар ұйымдастырылуда?**

– Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» деп жазылған. Осыған сәйкес Орал қаласындағы жастармен әскери-патриоттық жұмыстар жергілікті атқару орғанда-

рымен бірлесе жүйелі ұйымдастырылуда. Қала көлеміндегі білім беру мектептерінде жастарға үгіт насихат жұмыстарын жүргізу мақсатында «Жас бүркіт» әскери-патриоттық сыныптар ашылды. Оқу орындарында оқитын жастарды патриоттыққа тәрбиелеу бағытында және алдағы уақытта әскер қатарында Отан алдындағы борышын өтеуге дағдыландыру үшін аудандағы ардагерлер кеңесінің төрағасы, Ауған соғысының ардагерлерімен және әскери қызметін атқарып келген жастармен кездесулер жиі өткізіліп тұрады.

Сондай-ақ мектеп жасындағы жастарды әскери оқу орындарына



түсуі үшін мақсатты жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланның Петропавл қаласындағы Академияға құжаттар қабылдау жыл сайын жүргізіледі.

– *Қазіргі жасөспірімдер Отанға деген саналы сүйіспеншілікке, елжандылыққа бейжай қарайды. Яғни, патриотизм төмен. Мұның себебі неде?*

– Патриотизм – форма киген әскери немесе құқық қорғау органы қызметкеріне қатысты дүние емес. Ол туған жерінді, өмір сыйлаған ата-анаң мен оттан ыстық Отаныңды шексіз сүю сезімі. Отан қорғауды насихаттаудың өзін халықты, жастарды патриоттыққа баулу деп есептеймін.

Шыны керек, қазір мектеп оқушыларының мұғалімге қарсы келіп жүргенін естіп те, көріп те жүрміз. Одан қалды ата-анасын шақырып, арты ушығып жатады. Біз мектепте білім алып жүргенде ұстазды құрметтеуге аса қатты көңіл бөлінетін. Бүгінде кейбір жастар мектептегі ұстазы емес өзінің отбасындағы ата-анасы мен бауырына жаны ашымайды, ал өзінің ата-анасын жақсы көріп құрметтемейтін баладан өз Отанын сүйіп, елін қорғайтын азаматтың шығуы екіталай.

Сондықтан патриоттық тәрбиенің ошағы – отбасы деп білемін.

Адам баласы дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс-әрекетіне, қимылына, жүріс-тұрысына, сөйлесуіне қарап өзі де сол көріп жүргеніне ұқсас әрекет жасауға тырысады. Осыған байланысты «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы – отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Сонда ғана біз өзінің отбасын, Отанын сыйлай алатын нағыз патриот тәрбиелеп шығара аламыз.

– *Подполковник мырза, әңгімемізді өзіңіздің өмір жайында өрбітсеңіз?*

– Отан қорғаушы мамандығын мектепте оқып жүргенде таңдадым.

Өмірде мамандық сан алуан болғанымен, адамдардың әркез сарбаздар мен сардарларға құрметпен қарайтыны жасырын емес.

Әскери қызмет – нағыз ерліктің үлгісін көрсететін мамандық. Өзім жайлы айтар болсам, мен 1982 жылы 15 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Шалақын ауданы

Жалтыр ауылында дүниеге келгенмін. 1999 жылы мектеп қабырғасын тәмамдадым. Жастық шағымдағы арманым Қазақстан Республикасы ПМ Ішкі әскерлерінің жоғары әскери училищесіне түстім.

2003 жылы оқу аяқталып, мен үшін әскери қызмет басталды.

Бастапқыда әскери қызметті 5570 әскери бөлімінде взвод командирі лауазымынан бастадым. Осы әскери бөлімде 2003 жылдан бастап 2012 жылға дейін взвод командирі, рота командирі, жауынгерлік даярлық бөлімшесі бастығының көмекшісі секілді әртүрлі лауазымдық қызметтер атқардым. Сондай-ақ, 2013-2017 жылдар аралығында 5510 пен 6637 әскери бөліміндерінде бөлім командирінің орынбасары лауазымында қызметімді жалғастырдым. Ал 2017 жылы Петропавл қаласында орналасқан өзім ұшып шыққан білім ордасы Ұлттық ұлан Академиясында батальон командирі қызметін, одан кейін 2021 жылдан бастап 5517 әскери бөлім командирі қызметін абыроймен атқарып келемін.

– *Әңгімеміздің соңында өзіңіздің отбасыңыз туралы айтып берсеңіз. Әскери қызметтің отбасылық өмірге ықпалы бар ма?*

– Менің отбасым қарапайым: жұбайым, төрт қызым бар. Зайыбым Салтанат әскери қызметші. Қазіргі уақытта осы 5517 әскери бөлімінде медицина қызметкері. Үлкен қызым Аяжан, қазіргі кезде киелі Түркістан облысындағы оқу орнының II курс студенті. Екінші қызым Алтынай мектепте 10 сынып оқушысы, одан кейінгісі Әдемі де мектеп оқушысы. Кенже қызым Ботакөз төрт жаста, балабақшаға барады.

Әскери қызмет адам бойындағы қайсарлықты, елжандылықты тәрбиелейді. Осы орайда отбасым да осы сынды қасиеттерге бейім. Әрине, бізде әскери қызмет болғаннан кейін бос уақыт бола бермейді. Дегенмен, бос уақыт болған кезде, отбасыммен серуендеп, оларға көбірек көңіл бөлуге тырысамын. Әскери қызметші ғана емес, әке екенімді де ұмытпаймын. Бақыттымын.

– *Сұхбатыңызға рахмет!*

Әңгімелескен
полковник

Ерболат СҰЛТАНОВ,
Орал қаласы



Позывной – «ТОЛУБЬ»...

15 февраля в странах бывшего Советского Союза отмечают День вывода войск из Афганистана. Советские солдаты противостояли в ДРА продвижению международного терроризма и наркобизнеса к границам тогда еще общей страны.

В апреле 1978 года к власти в Афганистане пришла Народно-демократическая партия. Новое правительство во главе с Нур Мохаммадом Тараки взяло курс на строительство светского государства. Антиисламские реформы вызвали недовольство многих слоев афганского общества. Оппозицию поддержали Иран и Пакистан. Помощь повстанцам начала оказывать американская разведка. Более четырех тысяч переодетых стражей исламской революции проникли в город Герат и подняли восстание. В стране началась гражданская война.

Правительство Тараки оказалось в чрезвычайно сложном положении. Кабул стал настойчиво просить Советский Союз о военной помощи. Москва втягиваться в войну не хо-

тела. Правительству Тараки удалось погасить восстание в Герате, но против премьеры начали готовить заговор. Интриги плел глава МИД Хафизулла Амин. Он пригласил Тараки в свою резиденцию, после чего премьер пропал. Амин заявил, что тот находится на лечении, и сам возглавил правительство. Но вскоре стало известно о гибели Тараки - его задушили офицеры охраны. В стране начались массовые репрессии, а исламисты продолжили наступление. Москве не нравились действия Амина. Кроме того, стало известно о его связи с ЦРУ. Было решено свергнуть неугодного премьеры, а на его место поставить Бабрака Кармалю. Воинский контингент из Советского Союза был введен в Афганистан в декабре 1979 года после неоднократных просьб афганского правительства о помощи в борьбе с оппозиционными группировками (моджахедами), которые выступали против демократического строя. Поводом для операции стали просьбы самого Амина о военной помощи. С сентября по декабрь он обращался к Москве семь раз. В результате 12 декабря 1979 года было принято постановление ЦК КПСС о вводе советских войск в Афганистан. Формально причи-

ной стали неоднократные просьбы руководства Афганистана, а фактически эти действия должны были предотвратить угрозы иностранного военного вмешательства в дела Афганистана.

34 года прошло с тех времен, когда казахстанские молодые ребята бок о бок воевали на границе Афганистана, помогая братским странам пережить тот ужас, воцарившийся в то время, когда наркотрафик и группировки были обыденными для каждого жителя Афганистана, не предполагая то, что своими действиями они губят свою нацию, губят все живое и не дадут взрасти свое же поколение. Каждый, скрепя сердце, собравшись воедино, вступил на территорию Афганистана. Разбив лагерь, заняв позиции, не были готовы отступить, ведь задача для советских войск была поставлена: «Не дать выполнить задачи моджахедов, не отступить!».

Множество казахстанцев отправились в конце 1979 года на территорию Афганистана, и каждый из них понимал, что на данной территории идет война, и что возможно и не вернуться после отправки, была лишь воинская присяга, верность воинскому долгу. А то время просилось много





молодых необстрелянных парней в Афганистан. Им предстояло пройти краткий курс молодого бойца, и на боевые операции – в бой. Одним из них является житель города Караганды майор в отставке Дюсембеков Нурлан Айдарханович.

Нурлан родился 2 декабря 1966 года. Уроженец поселка Ботакара Карагандинской области. С 1974 по 1985 год учился в областной музыкальной школе-интернат, по специальности - ксилофон. С ноября 1985 по май 1986 проходил службу в учебном подразделении города Отар. По окончании курса, восемнадцатилетний Нурлан с мая 1986 по ноябрь 1987 года проходит службу в ДРА в качестве механика-водителя ЗСУ 23/4 «Шилка», позывной экипажа – «ГОЛУБЬ». По прибытию рядовой Дюсембеков распределяется в 201 дивизию, в 395 полк села Пули-Хумри Келагайской Долины. С мая

1986 по ноябрь 1987 года в течении полутора года проходит службу в провинции Баглан, также в должности механика-водителя.

Участвовал в боевых действиях в Кундузе, Северном Баглане, Бану, Пули-Хисаре, Ханабаде, Навабаде, Мазари-Шарифе, Нахрине, Айбаке.

- Как сейчас помню, в мае месяце по распределению я попал в город Кабул. Мы прилетели на военно-транспортном самолете, все что показывали по телевизору для нас открылось наяву, условия и впрямь боевые: надолбы, ежи, все в бронезилетах со снаряженными магазинами. Времени на раздумья, проверки своих морально-волевых качеств мы не теряли, сразу же стали всему учиться у старшего призыва, которые были там уже полгода. Вспоминаем то время с друзьями, ведь многие наши товарищи и не вернулись, остались там, кто-то стал инвалидом,

но все мы – одна рота, одна семья, – рассказывает Нурлан Дюсембеков.

Первый свой боевой выход майор в отставке Дюсембеков помнит по сей день, это был декабрь 1986 года в поселке Бану, когда машину между гор подбили с гранатомета, солдаты тут же принялись действовать в боевых порядках, но из-за превосходящих сил противника стали вызывать на помощь людей с лагеря, в составе которого и был Нурлан Айдарханович. До прибытия основных сил моджахеды уже поднялись в горы, и военнослужащим пришлось усиливаться и ожидать их подхода с ночи до утра. Кстати, по рассказам Нурлана, моджахеды в своих землях действуют очень тактично и осторожно, каждый знает места, где можно занять позиции для ведения боя, и когда уже чувствуют, что бой ведется не в их пользу, они сразу поднимаются в горы, и тут же исчезают.

Боевые действия – это легко лишь на словах. На практике, которой нас учили на учебном пункте, при боевом столкновении все это теряет смысл, если человек поддается панике. В бою и после боя самое главное - дух товарищества и дружеская поддержка и словом и конечно же делом. Мы знали, что мы вдали от дома, знали свой долг – выполнить задачу в ДРА, отстоять позиции, а дружба и товарищество для нас были на первом месте, – вспоминает Нурлан Дюсембеков.

- Нурлан всегда был скромным парнем, но с компанейской душой. Играл на пианино, человек творчества попавший на Афганскую войну. Он также как и я был механиком-водителем, мы чтим память тех лет, вспоминаем братьев, оставшихся на той земле за речкой, на земле Афганистана, - отметил председатель Общественного объединения Союз ветеранов и инвалидов войны в Афганистане «Ардагер» города Караганды и области Хасенов Талгат Болатович.

- 15 мая 1988 года Советский Союз начал выводить из страны свой военный контингент. Операция, согласно принятым тогда международным соглашениям, должна была завершиться в девятимесячный срок – до 15 февраля 1989 года. Все граждане СНГ с уважением и почетом сегодня относятся к ветеранам Афганистана. В Казахстане и в других



странах бывшего СССР в память погибших в Афганской войне созданы мемориальные комплексы, мы помним каждого, стоящего тогда и сейчас в строю, уже не забудем никогда! – рассказывает майор в отставке Нурлан Дюсембеков.

После армии Нурлан Айдарханович окончил Карагандинский педагогический институт, факультет допризывной подготовки, после чего получил звание – лейтенант, параллельно получил образования учителя физической культуры. По окончании института боевой офицер, за спиной которого более 15 боевых выходов на Афганской войне, с 1995 по 2009 год продолжает службу в ВВ МВД РК, ныне Национальной гвардии Республики Казахстан. За четырнадцать лет – командир патрульного взвода, командир спецвзвода, заместитель командира роты по воспитательной и социально-правовой работе, командир патрульной роты на автомобилях, командир автороты, начальник физической подготовки и спорта воинской части в воинских частях: 5513 города Тараз, и 5451 города Караганды, после чего и вышел на заслуженных отдых. По выходу на пенсию Нурлан Айдарханович

работал преподавателем начальной военной подготовки, руководителем по физической культуре и преподавателем по музыке в средне-образовательных школах: №137 и 62.

Сейчас, Нурлан Айдарханович больше времени проводит с семьей. Супруга Лэззат работает учителем в школе, сын Канат – выпускник «Академии иностранных языков» города Караганды также пошел по стопам отца и матери, преподает в школе, знает 5 языков: арабский, английский, турецкий, казахский и русский, и дочка Анель в замужестве. Сейчас в свои 57 лет, Нурлан со своей спутницей Лэззат воспитывают внука Мухаммада и внучку Медину. В дальнейшем будущем хотелось бы пожелать Нурлану Айдархановичу, боевому майору, человеку с большим сердцем, и просто товарищу и брату каждого афганца семейного счастья, долгих лет жизни, и мирного неба над головой!

Всего по Карагандинской области награждены: орденом Красного знамени – один человек, орденом Красной звезды – 40 человек, медалью За Отвагу – 85 человек, за Боевые заслуги – 135 человек.

Война остаётся незавершённой,

пока не похоронен последний солдат, на данный момент, без вести пропавшие по Карагандинской области – рядовые Грязнов В, и Шаяхметов М.

Навсегда в историю вписалось 15 февраля 1989 года – когда горную страну покинули последние советские воины.

За все упомянутую историю нельзя не сказать о наших боевых товарищах, которых из года в год все меньше и меньше становится: прапорщик Постолов Сергей Владимирович, Ахметжанов Серик Жолмаганбетович, Степура Александр Генадьевич, Саменов Марат, Дюсембеков Нурлан Айдарханович, Букаев Михайл Михайлович, Юдаков Валерий Владимирович, Ямпольский Олег Анатольевич, уроженцы Карагадинской, Костанайской, Акмолинской, Северо-Казахстанских областей из Внутренних войск ныне Национальной гвардии, служившие в нелегкие годы. Воины-афганцы, навечно вошли в историю. Мы будем помнить их всегда.

**Старший лейтенант
Алияр ДҮЙСЕНБАЙ,
город Караганда**



Волейболдан турнир өтті

23 ақпанда Ұлттық ұланның 21-ші Әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша Спартакиадасы аясында Орал қаласында волейболдан үш күндік жарыс аяқталды. Ішкі істер министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысының кубогына арналған волейболдан Ұлттық ұланның чемпионаты өз мәресіне жетті.

Чемпионат достық пен өзара құрмет атмосферасында өтті. Қуатты алаңдар, берік қорғаныс, өтпейтін блоктар, желі бойынша тамаша шабуылдар – осының барлығын «Орал» спорт кешенінің ойын залында толық көлемде тамашалауға

болады.

Волейбол жарысына «Оңтүстік» (Алматы қ.), «Орталық» (Қарағанды қ.), «Батыс» (Орал қ.), «Шығыс» (Өскемен қ.) өңірлік қолбасшылықтарынан және Ұлттық ұлан Академиясы (Петропавл қ.), 5573 әскери бөлімі (Астана қ.) 6654 әскери бөлімі (Қаракемер кенті) барлығы 7 команда жиналды.

21 ақпанда турнирдің салтанаты ашылуында «Батыс» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары полковник Павел Ситников, Орал қаласы әкімінің орынбасары Мирболат Нұржанов, сондай-ақ «Динамо» ФСО ҚБ БҚО төрағасының бірінші орынбасары запастағы полковник Павел Ставкин құттықтау сөз сөйледі.

– Жарыстың басты мақсаты – әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығы мен спорттық шеберлігінің деңгейін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау

және олардың облыстық және республикалық чемпионаттарға, құқық қорғау органдары, ІІМ арнаулы және күштік құрылымдары, Қазақстан Республикасы және шет елдер қарулы күштері арасындағы жарыстарға қатысуы үшін мықты спортшыларды анықтау, – деді «Батыс» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары полковник Павел Ситников.

– Ұлттық ұлан жауынгерлерінің арасындағы осындай жолдастық кездесуді және олардың спорттық шеберлігін көру көңіл қуантады. Волейболдан Ұлттық ұлан чемпионаты сияқты іс-шаралар дене шынықтыру мен салауатты бәсекеlestікті насихаттап қана қоймай, қатысушылар арасында командалық жұмыс пен бірлік сезімін нығайтады, – деп атап өтті қала әкімінің орынбасары Мирболат Нұржанов.

Жарыс дөңгелек жүйе бойынша өткізілді. Бұл жүйенің мәні – әр





кездесу екі партиядан тұрады, тең болған жағдайда 15 ұпайға дейін қосымша партия ойналады. Партиядағы жеңісі үшін командаға – 1 балл, ұтылғаны үшін – 0 балл беріледі. Чемпионаттағы жеңімпаз жеңген кездесулердің ең көп саны бойынша анықталады.

– Біздің еліміз әртүрлі спорт түрлерінде көптеген тамаша спортшыларды тәрбиеледі. Жарыстың барлық қатысушыларына спорт пен салауатты өмір салтын насихаттағаны үшін алғыс айтқым келеді, – деді «Динамо» ҚҚҚ ҚБ Батыс Қазақстан облысы бойынша төрағасының бірінші орынбасары запастағы полковник Павел Ставкин.

Айта кету керек, мұндай волейбол чемпионаты «Батыс» ӨңҚ-да 15 жыл бұрын 2008 жылы өткізілген болатын.

Жабылуға арналған іс-шарада Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының дене шынықтыру және спорт бастығы полковник Сәтжан Әбішев пен Орал қаласы әкімінің орынбасары Мирболат Нұржанов сөз сөйледі.

– Соңғы үш күнде үздіктердің ең жақсысы анықталды. Жеңімпаз команданы, және барлық командаларды тамаша өнер көрсетулерімен

құттықтаймыз. Кезкелген салада жетістікке жету үшін қажырлы еңбек пен жігер қажет, ал спортшылар екеуін де айқын көрсетті. Барлық командалық құрамдар өздерін лайықты көрсетті, командалық ойын мен жақсы спорттық толқуды байқадық, – деді дене шынықтыру және спорт бастығы полковник Сәтжан Әбішев.

– Ұлттық ұланның спортшы-әскери қызметшілері жақсы ойын көрсетті. Барлық командалар жоғары деңгейде болды және жақсы әсер қалдырды. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін құттықтаймын, – деді қала әкімінің орынбасары Мирболат Нұржанов.

Жарыс қорытындысы бойынша, үшінші орынды Ұлттық ұлан Академиясының командасы иеленді, екінші орынды «Оңтүстік» ӨңҚ командасы иеленді, ал Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы кубогын «Батыс» ӨңҚ құрама командасы иеленді.

Чемпионаттың үздік ойыншысы 6655 әскери бөлімінің сарбазы қатардағы Ербол Ералыұлы болды, «Үздік байланыстырушы» номинациясы бойынша «Шығыс» өңірлік

қолбасшылығының 3514 әскери бөлімінің №4 арнайы комендатурасының аға маманы ефрейтор Диас Зарикпаев марапатталды, 5573 әскери бөлімінің Құрметті карауыл ротасының сарбазы қатардағы жауынгер Ерсұлтан Жасқайрат» Үздік шабуылшы атанды. Қазылар Үздік блок номинациясы 5571 әскери бөлімінің материалдық және техникалық қамтамасыз ету ротасының автомобиль взводының маманы Ермұхан Серікті лайық деп таныды.

Турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері кубоктармен, дипломдармен, медальдармен, сондай – ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұланының Бас қолбасшысының естелік сыйлықтарымен марапатталды.

Жалпы, волейболдан Ұлттық ұлан чемпионаты атлетизмнің, шеберліктің және командалық жұмыстың көрінісі, сондай-ақ спортшылардың – Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің жанқиярлығы мен қажырлы еңбегінің айғағы болды.

**Полковник
Ерболат СҰЛТАНОВ**





Сіздің Ұлттық ұлан жайлы журналыңыз